### **РЕЗЮМЕ**

В статье обсуждается педагогическая идея Гербарта и опыт ее использования в уроке биологии. Наряду с его критикой автор указывает на преимущества и недостатки этой системы.

#### **RESUME**

The article discusses the pedagogical idea of Gerbart and the experience of its use in the lesson of biology. Along with his criticism, the author points out the advantages and disadvantages of this system.

ӘОЖ 94 (574)

Г. С. Саркулова, аға оқытушы, тарих магистрі

# Д. А. Махсоткалиева, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР.

## АСТАНАНЫҢ СӘУЛЕТТІК КЕЛБЕТТІ

#### Аннотация

Бұл мақалада Астананың сәулет ерекшеліктері қарастырылады. Әсем қаламыздың келбетіне мән бере қарасақ, бой көтерген ғимараттардын шығыстық және батыстық немесе Еуропалық және Азиялық үлгіде салынған.

Қалалық құрылыс саласындағы заманауи үрдістерге талдау жасалады.

Түйін сөздер: тарих, Астана, мәдениет, ұлт, сәулет.

Еуразияның жүрегінде, еліміздің қақ ортасынан орын тепкен сәулеті мен келбеті келіскен еліміздің еңселі асанасы – Астана. Отанымыздың келбетіне айналған, қазіргі мәртебесі мен деңгейі шарықтап тұрған жас та болса, бас қаламыз . Тек қана еліміздің орталығы ғана емес, элем қауымдастығының рухани, діни ,және экономикалық орталығына айналған. Уақыт пен талғамның, сын мен сапаның, төзімнің тезінде шыңдалған жас қаланың сәулетіне қарап тұрып, таңқалмау мүмкін емес. Заман ағымының ағысымен бірге аққан қала көрінісі таңдай қақтырады.

Әр қаланың сәулетіне назар аударсақ, сол қаланың, сол елдің тарихынан тамырланып тұрғаның сеземіз. Әсем қаламыздың келбетіне мән бере қарасақ, бой көтерген ғимараттардын шығыстық және батыстық немесе Еуропалық және Азиялық үлгіде салынған.

Жаңа ғасырдың жаңа астанасына қойылатын талаптар жоғары, сол талаптарға сай болу үшін қаланың сәулеттік тұжырымдамасын дайындау барысында ел президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қалаға еуропалық келбет беру идеясы ескерілген болатын.

Болашақ бас қаламыздын бас жоспарын жасауға халықаралық байқау жарияланып, әлемдік сәулет өнерінің майталмаңдарынан 50-ден аса жоба жіберілген болатын, солардын ішінен халықаралық сайыстын шарттарымен талаптарына жауап бере алатын 27 жобалық жұмыс Конгресс-холл өкілдерімен тандалып алынып, беделді қазылар алқасының қарауынан іріктелді. Сайыс қортындысы бойынша жапон сәулетшісі Кишо Курокаваның жетекшілік ететін зерттеу тобының әзірлеген Астана қаласының бас жоспарының жобасы қабылданды. Кишо Курокаваның айту бойынша

Астана қаласының дамытудың Бас жоспарының негізінде философиялық қөзқарасты қалыптастырумыз керек.

«ХХ ғасыр механикалық принциптер қстемдік алған дәуір болса, ХХІ ғасыр өмір принциптеріне көшетін діуір болады . Ендеше,Қазақстанның жаңа астанасы «симбиоз» атты шешуші ұғымды арқау етуі тиіс». Кишо Курокава Бұл түсініктер бойынша үш бағытқа ұарай орныққан: біріншісі —симбиоз, яғни қала мен табиғат арасындағы үндестіктін сақталуы ,екіншісі-өзгеру мүмкіндіктері, үшінші-абстрактылы символизм, қабылдауға түсінікті геометриялық фигуралар.[1]

Нұрсұлтан Назарбаев тапсырмасымен қазақстандық архитекторлар «Астана қаласының Бас жоспарына» уақыт өте келе өзгерістер мен тың жаңалықтар енгізді. Бұл орайда өңірдің экологиялық жүйесімен қала құрылысының бірегейлене салынуына басты назар аударылды. Президент Нұрсұлтан Назарбаев өңірдің табиғи жағдайларын, ауа райының құбылмалылығын ескере келіп, қала маңында жасанды орман алқабын қалыптастыруды күн тәртібіне қойды.

Астана қаласының бас жоспары қаланың тіршілік-тынысының қолайлы ортасын құру және оны орнықты дамыту, экологиялық қауіпсіздікті, табиғат пен мәдени мұраларды сақтау мақсатында Астана қаласының қала құрылысын дамытуды жоспарлаудың негізгі құжаты болып табылады.

Астана қаласын дамытудың бас жоспарының негізгі мақсаты – экологиялық қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік қолайлы тіршілік ортасын қалыптастыруға бағытталған қала құрылысы іс-шаралар кешенін жүргізу.

Бас жоспардың негізгі сәулеттік-қала құрылысы идеясы Астана қаласының айшықты келбетін қала өмір үшін жайлы, Еуразия континентіндегі елдердің ынтымақтастық және өзара іс-қимыл орталықтарының бірі ретінде қалыптастырумен негізделген.

Астана қаласының сәулеттік келбетіндегі трендтері:

- 1.Симбиоз
- 2. Абстрактілі симбиоз
- 3. Еуропалық келбет
- 4. Дәстүр сабақтастығы

Симбиоз ол үндестік , бірлесу . Астана ол шығыс пен батыстын , дәстүр мен жаңаның және табиғатпен қаланың үндестігінде жатыр . Шығыс пен Батыс симбиоз Астананың сәулетті ғимараттарынан байқауға болады , Астананың дәл осындай көркемделуіне үлес қосқан сәулетшіліер Кишо Курокава – жапон сәулетшісі «Астана қаланың Бас жоспарын» және Халықаралық Астана Әуезжайынның сәулетшісі , ағылшындық Норман Фостер – Астананың қазіргі таңда ең басты симболы Бәйтерек мен Хан Шатырдың авторы, ал италияндық сәулетші - Манфреди Николетти «Қазақстан» орталық концерт залының сәулетшісі.

Қала биік, әдемі ғимараттар салуға ғана назар бөліп қана қоймай қала табиғатынада аса көңіл бөледі 1997 жылдаң бастап қала маныңда жасанды жасыл ормандар тұрғызылуда. Бүгінде қолмен отырғызылған орманды алқап — елорданың жаңа трендіне айналды. Жанға жайлы жасыл желек адам денсаулығына пайдалы ғана емес, ол бас шаһарды аңызақ желден, күшті дауылдан, жазғы шаң-тозаңнан қорғайды. Жоспар бойынша, жазық далада жайқалған орман алқабы Көкшетаудың табиғи жасыл желегімен тұтасып, ен тоғайға айналады. Астанада сонымен қатар ауаны ластанбаудын түрлі амалдары ойлап табылп жатыр. Ал Астана аумағынан шығарылатын барлық қалдықтар «Имабе Иберика» деп аталатын испан технологиясы бойынша 2012 жылы салынған қоқыс өңдеуші кешенге тасымалданса, кешендегі қалдықтардың 8 пайызы сұрыпталып, қалған 92 пайызы брикеттеліп, полигонға көмуге жөнелтіледі екен.

Егер біз әсем қаламыздың ең көрікті ғимараттарына көңіл аударсақ, олардың көпшілігі абстрактілі симбиоз бойынша, түсінікті геометриялық фигураларға ұқсас.

Мысалы: Шабыт шығармашылық сарайы, ЭКСПО көрмесінің барысында салынған Нұр Әлем сферасы дөңгелек формасында жасалған болса, Бейбітшілік пен келісім сарайы пирамида түрінде, Астана циркі конус сияқты және көптеген тіктөртбұрыш кейіпіндегі орасан көп ғимараттар қала көркіне ерекше сән беріп тұр.

Әр елдің астанасы сол елдің астанасы екенің білдіретін тарихпенде үңдестік керек.. Тарихымызды, дәстүрімізді ең бастысы қазақ елінің жері екенің көрсететін тарихпен дәстүрден тамырланған ғимараттар қаланың сәулеттік келбетіне ерекше сән қосады . Себебі, әр елдің тарихы мен дәстүрі сол елдің . егер ел болып ұзақ сақталғысы келсе тұпқазығы , қазынасы . Бұндай ғимараттардан да біздің бас өаламыз кеңде емес.

Астананың симболы – Бәйтерек Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген зәулім «Бәйтеректің» биіктігі 97 м, бұл биіктік жәйдан-жәй алынған жоқ, ол Астана қаласының елорда статусына ие болған жылға байланысты тандалды. Сәулетшісі: Ақмырза Исаұлы Рүстембеков. «Бәйтерек» нысаны үш бөліктен тұрады; жер асты бөлігі ұлттың тамыр жаюы, ал одан кейінгілері өркендеу кезеңдерінің нышандарын білдіреді. Ең жоғарғы жағында «Аялы алақан» композициясы орын тепкен. Одан әрі қосымша түріндегі композиция өз негізінен бөлініп, жер бетіне қалықтап тұрғандай әсерге бөлейді. «Бәйтеректі» «өмір ағашы» деп те атайды. Бұл сәулет туындысы халық ертегісі «Ер Төстіктің» оқиғасы желісімен өрілген, балам. Өз бақытын іздеп шыққан Ер Төстік қиын-қыстау заманда зәулім бәйтерекке тап болады. Ұшар басына көз жетпейтін мәңгілік өмір ағашына таң-тамаша қалады. Нақ төбесіне де ұя салған самұрақ құстың алтын жұмыртқасына ие болады. Сөйтіп, бақытты –баянды ғұмыр кешеді. Мәңгілік өмірді жер жаһанға жария етіп тұрған «Бәйтерек»- Бас қаламыздың символы. «Астана-Бәйтерек» үш бөліктен –тамыры, діңі және ұшар басынан тұрады.

Үш бұрышты күміс тұмар даму үрдісіндегі өміршендікті білдіреді. Керемет құрылылыс, балам. Астананың қасиетті белгісі болып табылатын 97 метр биіктікте орналасқан көрініс алаңы, сол құс ұшатын ұядай жерден сәнді де, сәулетті Астананың көрінісін көруге болады Ақорда резиденциясы — Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясы.

Ғимарат қазіргі заманғы құрылыстың ең таңдаулы әдістерін қолдана отырып, монолит құйматастан салынған. Шатырсүмбіні қоса есептегендегі ғимараттың биіктігі 80 м. Қасбеттің қаптамасы қалыңдығы 20—40 см. болатын итальян мәрмәрынан жасалған. Ғимарат жер бетінде 5 және жер астындағы 2 қабаттан тұрады, оның ішінде жер бетіндегі 1-қабаттың биіктігі 10 м., қалған қабаттардың биіктігі 5 м.Шатыры киіз үйдің шаңырағына ұқсатылып істелген Елордамыз көркімен де, келбетімен де әлемнің атақты қалаларымен терезесін теңестіріп тұр. Астана - ғажайып құрылыс алаңы.

Әлемдік сәулет өнерінің қайталанбас үлгілері саналатын. Сарыарқаның төсінде, ерке Есілдің жағасында орналасқан әсем шаһар келешектің қаласы.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

- 1. Қабылдинов 3. Е. Астана тарихы / Қабылдинов 3.Е.- Алматы: Атамура, 2017.- 342 с.
- 2. Назарбаев Н. Ә. Еуразия жүрегінде / Назарбаев Н. Ә. Алматы: Атамура, 2006. 412 с.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается особенности архитектурного облика Астаны. Особое внимание уделено анализу современных трендов городского строительства.

### **RESUME**

The article deals with the architectural features of Astana. Particular attention is paid to the analysis of modern trends in urban construction.